

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда әлемдік қауымдастықта интеграциялық үдерістердің, бірегей экономикалық, ақпараттық, мәдени, білім кеңістіктерінің қалыптасуы, халықаралық ынтымақтастық пен әрқилы тілдер мен мәдениеттің кеңеюі қоғамда жан-жақты, көптілді тұлғаны, жаңа формациялы мамандарды дайындауды қажет етіп отыр. Нарық бұл өз саласында ғана емес, кез келген ортада бәсекеге қабілетті, заманның өлшеусіз ағымымен жүре алатын, қарым-қатынасты, тілдерді еркін меңгерген қызметкерді таңдайды. Осыған байланысты, барлық білім беру мекемелері мен отбасы институттарының басты мақсаты - нарықтың сұранысына жауап бере алатын маман дайындау. Демек, «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» деген нақыл сөздің де шығуы тегін емес. Тіл білген адамға ғылымның барлық есігі ашық деп айтуға болады.

Ұсынылған қазақша-орысша-ағылшынша терминологиялық сөздік (Еңбекке баулу пәні бойынша) нақты тақырыптар бойынша терминдер ғана емес, сонымен қатар олардың түсіндірмесі де аудармалық мәтіндерде қысқа және мазмұнды ұсынылған үш тілдегі сөздік болып табылады.

Терминологиялық сөздікке «Көркем еңбек» және «Еңбекке баулу», пәндерін оқытуда қолданылатын терминдер енгізілген және аталған курстарды меңгеруде елеулі көмек береді.